Ә. П. ШАҺАРМАН

# ДІНИ ДИСКУРС ТАБИҒАТЫ



TORAIGHYROV UNIVERSITY

ПАВЛОДАР

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі

«Торайғыров Университеті»
коммерциялық емес акционерлік қоғамы

Ә. П. Шаһарман

# ДІНИ ДИСКУРС ТАБИҒАТЫ

Монография

Павлодар
Toraighyrov University
2021

ӘОЖ 28(035.3)
КБЖ 86.38
Ш27

**Баспаға «Торайғыров Университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы Ғылыми кеңесінің шешімімен ұсынылған**

**Пікірсарапшылар:**

Бейсембаев А. Р. – филология ғылымдарының докторы, профессор, Инновациялық Еуразия университеті

Акошева М. К. – филология ғылымдарының кандидаты, доцент, Қазақ агротехникалық университеті

Ысқақ Б. Ә. – филология ғылымдарының кандидаты, қауымд. профессор, «Торайғыров университеті»

**Шаһарман Ә.П.**

Ш27 Діни дискурс табиғаты: монография / Ә.П. Шаһарман. - Павлодар: Toraighyrov University, 2021. – 138 б.

ISBN 978-601-345-210-4

Монография қазақ тіліндегі діни дискурстың табиғатын, ерекшеліктерін ашуды негізгі мақсат етіп алып, қазіргі уақыттағы діни дискурстың қалыптасуының өзекті мәселелерін көрсеткен, діни дискурстың қазіргі ғылымдағы түрлеріне салыстырмалы, әлеуметтік, функционалдық, мақсаттық, тілдік айырым белгілеріне тоқталған.

Еңбек мектеп деңгейіндегі дінтану курстарына пайдалы; ислам діні бойынша жазылған оқулықтар мен оқу құралдарына негіз бола алады; мәдениеттану пәнінің оқу бағдарламасында қолдануға болады.

ӘОЖ 28(035.3)
КБЖ 86.38

ISBN 978-601-345-210-4

© Шаһарман Ә.П., 2021
© Торайғыров университеті, 2021

Материалдың дұрыс болуына, грамматикалық және орфографиялық қателер үшін авторлар мен құрастырушылар жауап береді

## Кіріспе

Соңғы 15-20 жыл ішінде қоғамымызда дінге ерекше көңіл бөлінуде. Әсіресе, діннің негізгі діңгегі болып есептелетін адамгершілік-этикалық құндылықтар, адам мен адамның қарым-қатынасы, болашақ ұрпақ алдындағы жауапкершілігі сияқты басты бағыттары мәдениетіміздің үлкен бір бөлшегі екені аян. Сондықтан, қоғамдағы дінге деген көзқарас та түбегейлі өзгеріп, дінге бет бұрушылардың саны, әсіресе, дінге бой ұсынған жастардың қатары күн санап артып келеді. Діни ғибадат түрлері мен діни салттар дәстүрлі түрде өткізіліп, әрқайсысында түрлі тақырыптағы діни уағыздар көптеп жүргізілетін болды. Қоғамдағы осындай діни қарым-қатынас негізінде **діни дискурс** қалыптасып келеді. Сәйкесінше, орта қалыптастырған діни дискурстың ғылыми негізін ашу қажеттілігі туындап отыр.

Діни дискурстың негізі – қарым-қатынас тілі. Себебі, тіл – қоғам мәдениеті мен адамның ішкі әлемін тануға жол ашатын басты құрал. Лингвистика саласында көп уақытқа дейін тілдік фактілерді тілдік қатынастан тыс қарастырып келсе, қазіргі теориялық жұмыстар тілдік фактілерді тілдік қатынас ішінде қарастыруды дұрыс деп тапты. Бұл факті лингвистика саласында тілді абстрактілі қараудан, оның практикадағы қолданысын қарауға жол ашты. Нәтижесінде зерттеу шеңбері де кеңейді, себебі оған тілдік қатынас аспектілерінің барлығы енеді. Тілдің аздаған құрылымын зерттеу ісі тоқтатылып, тілдің прагматикалық факторларымен тығыз байланысын көрсететін дискурс мәселесін зерттеуге деген қызығушылық арта түсті.

«Дискурс» ұғымын анықтау қазіргі тіл білімінің өзекті мәселелерінің бірі болып отыр. «Дискурс» термині XXғ. 60-70 жж. бастап гуманитарлық ғылымдарда кеңінен қолданылып келеді. Әйтсе де, оның тіл біліміндегі қолданысын көп кейінгі уақытқа жатқызуға болады. Аталған кезеңде дискурс сөйлемнің немесе тілдік актінің байланысқан жалғасы деп танылды, шынайы мәтінді құру және түсіну үрдісі ретінде қаралған.

Дискурс ұғымына анағұрлым толық тоқталған Т. Ван Дейк және Арутюнова Н. Д. 70-жылдары еуропа лингвистикалық мектебінің мәтін лингвистикасы жөніндегі маңызды еңбектері (Т.ван Дейк, В.Дресслер, Я.Петефи және т.б.) мен дискурсивтік анализді дәстүрлі тақырыптық лингвистикамен байланыстырған американдық зерттеушілердің (У.Лабов, Дж.Граймс, Р. Лонгейкр, Т.Гивон, У.Чейф) еңбектері жарыққа шықты. 1980-1990 жж. дискурс мәселесі туралы түпкілікті еңбектер жарыққа шыға бастады, оның ішінде дискурсивтік

Ә. П. Шаһарман

**ДІНИ ДИСКУРС ТАБИҒАТЫ**

Монография

Техникалық редактор А. Р. Омарова
Жауапты хатшы А. К. Шукурбаева
Басуға 24.08.2021 ж.

Әріп түрі Times.
Пішім 29,7 х 42 ¼. Офсеттік қағаз.
Шартты баспа табағы 8,1 Таралымы 500 дана
Тапсырыс № 3801

Toraighyrov University
140008, Павлодар қ., Ломов к., 64